Проходило время. Белочка росла. Все ее друзья уже хорошо собирали орехи и даже умели делать запасы на зиму. А Белочка всегда нуждалась в помощи. Она боялась сделать что-то сама, ей казалось, что она ничего не умеет. У взрослых уже не было достаточно времени, чтобы

помогать Белочке. Друзья стали звать ее неумехой. Все бельчата веселились и играли, а Припевочка стала печальной и задумчивой. «Я ничего не умею и ничегошеньки не могу сделать сама», - грустила она.

Однажды пришли дровосеки и срубили зеленый ельник. Пришлось всем белкам и бельчатам отправиться на поиски нового Дома. Они разошлись в разные стороны и договорились встретиться вечером и рассказать друг другу о своих находках. И Белочка-Припевочка тоже отправилась в дальний путь. Страшно и непривычно было ей прыгать по веткам в одиночестве. Потом стало весело, и Белочка была очень довольна, пока совсем не устала и не захотела есть. Но как же ей достать орехи? Никого нет рядом, не от кого ждать помощи.

Прыгает Белочка, ищет орехи – нет их и нет. День уже близится к концу, наступает вечер. Села Белочка на ветку и горько плачет. Вдруг смотрит, а на веточке шишка. Сорвала ее Припевочка. Вспомнила, как ее учили орешки доставать. Попробовала – не получается. Еще раз – опять неудача. Но Белочка не отступала. Она перестала плакать. Подумала немножко: «Попробую-ка я свой способ орешки доставать!».

Сказано – сделано. Поддалась шишка. Достала Белочка орешки. Поела, развеселилась. Огляделась, а вокруг большой ельник. На еловых лапах шишек видимо-невидимо. Перепрыгнула Белочка на другую елку, сорвала шишку – там орешки, другую сорвала – и та полная. Обрадовалась Белочка, собрала немного орешков в узелок, запомнила место и поспешила на назначенную встречу с ветки на ветку, с ветки на ветку. Прибежала, видит ее родные и

друзья сидят грустные. Не нашли они орешки, устали, проголодались. Рассказала им Припевочка про ельник. Достала орешки из узелка, накормила. Обрадовались мама и папа, улыбнулись друзья и родные, стали Белочку хвалить: «Как же мы тебя неумехой звали – всех обогнала, всем силы придала и новый дом нашла! Ай, да Белочка! Ай, да Припевочка!».

На следующее утро белки пришли на то место, о котором рассказала Припевочка. И действительно, орехов там оказалось очень много. Устроили праздник-новоселье. Орешки ели, да Белочку-Припевочку хвалили, песни пели и хоровод водили.

Вопросы для обсуждения:

Почему так получилось, что Припевочку стали звать неумехой?

Что помогло Припевочке достать орешки из шишки?

Продолжение следует.

Жасөспірімдер тәрбиесі және оның ерекшелігі

Х. УАЛИЕВА

Тұлғаның құндылық жүйелерінің қалыптасуы 11-12 жас аралығында өтеді. Ол жасөспірімнің іс-әрекет мазмұны, оның адамдармен қарым-қатынас ортасын, адамдарға қатысты таңдауын, осы адамдарға баға беруін және өзіне-өзі баға беруін анықтайды. Осы кезде ұйымдастырушылық қабілет, іскерлік, кәсіпкерлік секілді адамдар мен қарым-қатынастық байланыстар, тұлғаға қажетті басқа да көптеген пайдалы қасиеттер соның ішінде іскерлік байланыстарды реттей алуды қалыптастыруға, бірлескен іс-әрекеттерді өзара бөлісуге жақсы жағдайлар пайда болады. Мұндай тұлғалық қасиеттер іс-жүзінде оқушы іс-әрекетінің барлық түрінде дамуы мүмкін. Олар: оқу, еңбек, ойын, ұжымдық шығармашылық жұмыстар секілді топтық негізінде ұйымдасқан шаралар жасөспірімдерді өзіне тартады.

Осы жаста әсіресе адамның өмірлік қажетті жеке іскерлік қасиеттері көбіне ашық көріне бастайды. Мысалы, іс-әрекетті – бейне, көрнекілікті – бейне, сөздік-ойлау секілді ойлаудың барлық негізі түрлерінде сөйлеу деңгейі жоғары дамып, тілі бауы байқалады. Жасөспірімді оқыту мен тәрбиелеуде түрлі әдістер мен құралдарды пайдаланып, әр түрлі тәжірибелік және ақыл-ой, іс-әрекеттермен оқытуға мүмкіндік болады. Жалпы арнайы қабілеттері соның ішінде болашақ кәсіби мамандықтарына қажетті қабілеттер қалыптасып, дамиды.

Жасөспірім шақ өзіне тән көптеген кикілжіңдер мен қарама-қайшылықтардан тұрады. Бір жағынан, жасөспірімдерге тән осы қарама-қайшылықтар мектеп өміріне байланысты және басқа да әр түрлі мәселелерді шешкен кезінде байқалады, әрі ересектердің осындай маңызды мәселелерді жасөспірімдермен санасып, ақылдасып шешуі жасөспірімдерді ынталандырады, олардың өздері де бұған белсенді араласуға ұмтылыс жасайды. Екінші жағынан, мұндай мәселелерді талқылағанда әсіресе болашақ мамандыққа байланысты, мінез құлық әдебіне, өз міндетіне деген жауапкершілігіне, бір сөзбен айтқанда, қамқорлыққа деген қажеттілік туындайды. Жасөспірімге ересек адам есебінде қарай отырып, оның үнемі көмек пен қолдауды қажет ететінін ұмытпау керек.

Жылдан жылға оқушылардың бастауыш сыныптан орта буынға бейімделу кезеңі өзекті мәселе болып туындайды. Оқушылар мектепке, мұғалім талабына, сыныптастарына үйренсе де, бейімделу проблема-

сы бар. Олар қайтадан жаңа әлеуметтік жағдайға үйренеді, жаңа сынып жетекшісі, пән мұғалімдері, жаңа пән. Әр мұғалім өз талабын қояды. Бұл кез бастапқы жеткіншек шақ, бала ағзасында физиологиялық өзгерістер өтіп, ол да із қалдырады.

Осы орайда айта кетейің, біздің «Қарлығаш» тобында 16 жасөспірім тәрбиеленуде. Оның 6 қыз бала болса, 10 ұл балалар. Жасыратыны жоқ тәртібі нашар, сабаққа ынтасы төмен оқушылар да бар. Біз барлық келеңсіз жағдайға біреулерді кінәлаймыз. Тәрбие бастауы отбасынан басталатынын естен шығармауымыз қажет. Адамдардың бір-біріне қол ұшын беруі, жүрек жылуы, инабаттылығы, қайырымды және бауырмал болуы ежелден келе жатқан халықтық педагогиканың басты қағидасы.

Жасөспірімдер жас ерекшелігі жағынан тез өзгередіні белгілі. 5-7 сынып оқушыларында өздерінің сыртқы келбеттеріне, қарама-қарсы жыныстағы балалар мен олардың өзара қарым-қатынасына деген белгілі бір қызығушылықтары ояна бастайды. Мысалы, 5-сыныптағы Арнат өз сыныбындағы Асыл деген қызға сезімін жақсы үлгерімімен білдіріп келеді.

Сондықтан ересектер балалар қызығушылығының маңызды әлеуметтік жағымды тәрбиеге бағытталуын қамтамасыз етіп, оның керісінше болмауына қамқорлық жасауы тиіс.

Тәрбиенің адам өмірінде үздіксіз жүретін процесс екендігін бәріміз білеміз. Осыған орай мәдениетті, адамгершілігі мол, өз елінің тілін, дінін, салт-дәстүрін құрметтейтін, ұлтжанды бала тәрбиелеу – ұстаздардың міндеті.

«Тәрбиелі – тәртіптің құлы, тәртіпті – елдің ұлы», деп Б. Момышұлы айтқандай, тәрбиелі ұрпақ үлкенге құрмет, кішіге ізет көрсететін және халқының тағдырын, елің, жерін сүйетін ел болашағы, иесі.

«Көпті үлгілі болсын десең, оның алдында өзің үлгілі бол. Беделдің келуі қиын, кетуі оңай», - деп Ыбырай Жақаев айтқандай, тәрбиеші жан-жақты қалыптасқан тұлға ретінде, балаға алдымен өнегелі тәрбие бере отырып, білімге деген ынтасын оятуы керек.

Түстердің адамға әсері жайында

Т. БАҚТЫГЕРЕЕВА

Әрбір түс өз-өзімен көп мәнге ие. Ол адам ойына, тәртібіне, денсаулығына және де адамдар қарым-қатынасына әсер етеді. Егер түс тілін түсіне білсе, онда ақыл-ой толығады, денсаулық жақсарады,

сырқатты хал жойылады және шешілмеген жұмыстар орындалады. Әрбір түстің физикалық сипаттамасы бар, ол энергияның бағытталған тасқыны.

Түстердің ықпалы мол болғанымен қатып қалған қағида жоқ. Тек, түстердің бізге әсер ету құбылыстары туралы ғана айтуға болады.

Түс қалай біздің ағзаға әсер етеді?

Жүз жылдар бойына әр ел өзінше түстермен емдеу шараларын жүргізген. Мысалы, ертеде балаларды қызыл матаға орап қызылшадан емдесе, өкпе ауруларын көк түспен емдеген. Бүгінгі таңда ғылыми тұрғыдан зерттеліп, оның нәтижелелігі дәлелденіп отыр. Өкпе аурулар санаторийлерінде қабырғалардың көкшіл түске бояуы бекер емес, бұл иммунитетті күшейтеді. Косметологиялық кабинеттерде дәрі-дәрмекпен қоса түстермен емдеуді де жүзеге асырады. Безеу шыққанда және бет терісін тарту қажет болған жағдайда қызыл, қызғылт сары түсті жарық түсіру процедуралары жүргізіледі екен. Түстердің емдеу қасиеті біздің ағзамыздың негізгі зоналарының толқынына сәйкес негізделген. Денсаулығы мықты денеде әрбір осындай зона өзінің түсі бар-таза және қанғандық. Ауырған кезде бұрмаланады. Дұрыс алынған түс, ауырған зонаға қолданған кезде, ағзаның жасушалар толқындары уйлесіп денсаулықты жақсартады. Жиіліктік – резонанстық емдеу болады.

Қызыл – ең күшті түс. Оны қираушы деп атайды. Ол адамды дамылсыз іс-әрекетке итермелейді және үнемі жігерлендіріп отырады. Бұл түстің тазарту қабілеті бар: депрессияны және жаман көңіл-күйді жояды, бұлшық етті жеңілдетуге көмектеседі. Қабынуды жоюға мүмкіндік туғызады, сондықтан суық тиіп ауыратын адамдарға қызыл түсті киімдер кию қажет. Егер шаршап, ұйқыңыз келсе немесе бір жұмысты бастай алмай тұрсаңыз, онда жұмыс істеп жатқан бөлмеңізді қызыл түспен әшекейлеңіз. Қызыл гүл, ашық қызыл түспен салынған сурет көрінісін іліп немесе столға қызыл зат қойыңыз. Ас үйге де аздап қызыл түс қосыңыз. Ол таңертеңгілік адамның тәбетін ашып, сергітеді. Жүйкеңіздің орнына келіп, шамданғыштық кетіп, сергектігіңіз оянғанын байқайсыз. Бірақ қызыл түспен қиянат етпеу керек. Егер қысымыңыз жоғары болса, қызыл түс сіздің ахуалыңызды күшейтіп, бар ауруыңызды асқындатып жіберуі мүмкін. Сондықтан емді қысқа мерзімде жасау керек.

Сары – тамаша санитар. Көңілді түс. Адамдардың тез араласып кетуіне жәрдемдеседі. Ол уытты ағзадан тазартады, салмақты бақылайды, жүйке жүйесін қатайтады, ойдың айқындығына және дұрыстығына мүмкіндік туғызады, білімге құмарлықты оятады. Бұл түс жігерлі адамдарға тән. Депрессиядан, өмірге қапас көзқарастан құтқарады, жақсы көңіл-күй сыйлайды. Сары түстің энергиясымен

барлық қиыншылықтардан өтесіз. Жүйкені жұбатады, ми және көз жұмыстарына дем береді, бүйректі, ішекті, теріні тазартады. Өтті, іш айдағыш құрал болып табылады. Диабет, ас қорыту жүйесі, бүйрек, ішек ауруын емдегенде қолданылады. Офтальмологияда сары түсті көз қылилығын түзеткенде, дұрыс көрмеу, көздің тор қабығы және көз тамырлары ауырғанда қолданылады. Бірақ температура қозғанда, қабыну үрдістерінде, невралгия және көзді елестерде және теңіз ауруларында қолдануға болмайды. Балалар бөлмесіне сарғыш түсті терезе жабындысын, жиһаз қоюға болады. Бірақ қабырға қағазын (обои) жапсыруға болмайды.

Сарғыш түс – ең емі күшті түс. Ол өкпе, жүрек және эндокриндік аурумен ауыратын адамдарға көмектеседі. Бүйректі, қуықты сауықтырады, бүйрекүсті бездің жұмыс істеуін ширатады, тәбетті қоздырады. Сарғыш түспен психикалық олқылықты және депрессиялық күйді емдейді, одан басқа қорқақтықтан босауда көмектеседі. Бөлмеде сарғыш жайма төсесеңіз – жол болмауды артқа қалдырасыз. Ертеде бұл түс сезімге түрткі салады және қанның солқылдауын тездетеді, қан қысымына әсер етеді, ішкі темір секрециясының жұмыс істеуін жандандырады. Ол алмасу үрдістерін реттейді, зәр шығару жүйесін емдейді, қан айналымын, беттің түсін жақсартады, ас қорытуына жақсы әсер етеді, бірақ оның әсері мөлшерден тыс болмауы керек. Себебі тез шаршатады. Ашық лимондай сары микробтарға қарсы әсермен ие болады.

Көгілдір түс – тарту күші өзгерістерді қалайтындығын белгілейді. Ол күйзеліс және толқыған кезінде көмектеседі, қабынуды, қан қысымын төмендетеді, қан кетуін тоқтатады, асқазан ауырғанын төмендетеді. Қаншама адам ұйқысыздыққа шалдығады, ал ұйықтаған кезде көгілдір абажурды қосу ұйқының біркелкі және терең болады. Бұл түс жақсы жеңілдетеді, тыныштандырады. Демалатын бөлмеде көгілдір түс болса жақсы әсер етеді.

Көк түс – спектрдің ауырғанын басатын күшті түс. Ол бронхит, астма, бас сақинасында, тәбет ашуға, жарақат алғанда, бүйрек ауруларында жақсы көмектеседі. Көк түсті жақсы көруі арқылы адамдардың есірткіге, араққа, темекі шегуге тәуелділігін шығаруға болады екен. Эмоционалды күйзеліске ұшырағандарға көмектеседі, шабытқа түсуіне мүмкіндік туғызады. Вегетативтік тынышталуына мүмкіндік туғызады. Тамыр соғуы, қан қысымы, демалу тазалығы және сергектену функциясы төмендейді. Ағза тынышталады, демалады. Ауырған кезде және қатты қажыған кезде көк түстің қажеттілігі ұлғаяды. Байсалдылық, қанағаттылық белгісі.

Қызғылт сары – тым агрессивті түс. Тез шаршатады. Пәтерде бұл түсті қолданбаған дұрыс. Не болмаса өзге түстермен «жұмсартады».

Жасыл түс – адамның өз-өзіне деген сенімділігін арттырады, жүрген ортасында белсенді болуына ықпалын тигізеді. Кеуде клеткасында орналасқан мүшелерге және жүрекке жақсы әсер етеді, жаман сезім билеушіліктен және күйзелуден сақтайды. Қызуды төмендетеді, тұрақтылықты қалпына келтіреді. Бүйрек жұмысын жақсартады, қан қысымын тұрақтандырады және жүйкені қалпына келтіреді. Бұл қабілеттілікті арттыратын құрал. Егер де сіз қобалжып тұрсаңыз, батылсыздықты сезсеңіз, онда көзіңізді жұмып алдыңызға жасыл түсті елестетіңіз. Жасыл барлық жерге үйлеседі, сондықтан спектрдің емдейтін түсі болып тұрады. Жаман сезім билеушілікті жояды. Ол тыныштық пен татуластықты әкеледі, топталып шешім табуға көмектеседі. Тыныштық қабілетті, тонусты көтереді, қан тамырларының жиырылуын жояды, капиллярды кеңітеді, қан қысымын төмендетеді, жүрек тамырларының, жүйке ауруларын емдейді және қажу, есіру ауруларына қарсы ауруды әлсірету қызметін атқарады. Офтальмологтар жасыл фильтрлі көзілдірікті киюді ұсынады. Ол ішкі көз қысымын төмендетеді. Жұмыс кабинетінде жасыл түстің болғаны жөн. Ол табандылықтың, белсенділіктің түсі.

Күлгін – өте ауыр түс. Оны өте байқап пайдалану қажет. Депрессияны шақырады. Көп жағдайда үйлесімділікке құштар түс. Келісім түсі деп те аталып жүр. Күлгін мен сары қосылса романтикалық сезім тудырады. Іштен қабыну ауруларына пайдаланады. Ол жүректің қатты соғуын бәсеңдетеді, бас сырқаттарына қарсы пайдаланады. Иммундық жүйені қолдайды, жүйкені басады, ауырған, шаршаған көзге пайдалы. Тәбетті төмендетеді. Салмағын азайтқысы келгендер тамақ алдында күлгін түске көбірек қарап алулары керек. Ашық күлгін түс адамның сезім қабілетіне әсер етеді және көру қабілетін жақсартады, қанның толқуын төмендетеді, көкбауырдың қызметін жақсартады. Баланың бөлмесіне күлгін астарлы шағын сурет ілсе оны оқуға ынталандырады.

Қоңыр – қорқыныш пен шарасыздық сезімін тудырады. Бөлмелерде өрнек түрінде қолдануға болады. Сондай-ақ қонақ бөлмеде бұл түс маңыздылық береді. Жүйке әлсірегенді басады.

Ақ түс – адамның шаршауың, қозуын басады. Көз қарашығын кішірейтеді, сезімділікті ұлғайтады және ауруды қатайтады, эндокриндік және көру жүйесінің функциясын басқарады. Басқа түстермен қосып емдеуге болады.

Күміс түс – жүйкені басады. Іш құрылыстарының жұмыстарын жақсартады, бүйрек ауруына жақсы әсерін тигізеді.

Қара – мазасыздық, тұйықтық белгісі, жағымсыз көңіл-күй, ашушаңдық.

Сұр түс – түрлі реңктері кеңселерді әшекейлеуге қолданып жүр. Қорқыныш, сенімсіздік, мазасыздық тудырады. Кері әсерін жою үшін сары түсті элементтерді көбірек қолдану керек.

Түспен емдеу бағыты бар, онда қан тобы негіз ретінде алынады. Әйгілі ғалым- натуропат-валеолог Джеймс Адамо қан тобына байланысты түстерді қолдануда жалпы күйінді жақсартатын өте қызық жүйе ұсынды, кейін толық спектр ауруларын тез арада емдеуге көмектеседі.

Мұғалім мен оқушылар арасындағы қарым-қатынас психологиясы

Ғ. ИБРАШЕВ

Жасөспірімдер мен ұстаздар арасындағы өзара қарым-қатынас жасау мәселесі – психология ғылымындағы және тәлім-тәрбие ісіндегі әрі маңызды, әрі күрделі проблемалардың бірі болып табылады. Егер кіші мектеп жасындағы балалар үшін мұғалім барлық бейнесімен ерекше із қалдырып, оларға күшті әсер ететін тұлға болып саналатын болса, ал ересек балалар мұғалімнің әрбір қимыл-қозғалысына, іс-әрекеті мен сөйлеген сөзіне, оның ақыл-кеңесіне, өзге адамдармен қарым-қатынасына, шәкірттерге қоятын түрлі талаптарына өздерінше іштей сын көзімен қарайды. Осы мәселені анықтау бағытында арнайы жүргізілген психологиялық және педагогикалық зерттеулер төменгі сынып оқушыларынан гөрі ересек оқушылар арасында үлкендердің айтқан сөздеріне құлақ аспау және айтқанынан қайтпайтын мінез көріністерінде әрқилы кедергілер мен себептер болатындығын анықтады. Әрине, мұндай мәселенің түпкі себептерін психологиялық жағынан тереңірек зерттеу – тәлім-тәрбие ісінде маңызды мәселе болып саналады.

Зерттеу арқылы іздестірілетін мәселенің түйінін шешу үшін мынадай тәсіл қолданылды. Мұғалімнің ұстаздық қызметіндегі барлық іс-әрекеттерін оқушылардың ой-пікірлері бойынша қалайша бағаланатынын анықтау ниетімен ұнамды және ұнамсыз жақтары деп екі жікке бөлінді. Осы сапалар мен ерекшеліктерден мұғалімнің ұстаздық қызметіндегі даралық қасиеттері мен мамандық біліктілігіне қойылатын талаптар айқындала түсер деген жорамал жасалды. Соның нәтижесінде шәкірттер тарапынан мұғалімге қойылатын талаптар мен тілектердің мән-жайын

қарастырып мынадай төрт топқа бөлініп, олардан тиісті қорытындылар жасалды.

Бірінші топқа ұстаз бен шәкірт арасындағы қарым-қатынастағы мұғалімнің адамгершілік сапалары жатады. Олар: игі тілек, шәкірттерге мүмкіндігінше ықыласты көмек көрсету, олардың жан дүниесін түсінуі. Мұндай қасиеттерді шәкірттер өз ұстаздарының бойынан көргісі келеді. Ал, ұстаздардың бұларға немқұрайлы, селқос, ықылассыз қарауын оқушылар ұстаздың ұнамсыз қасиеттері деп санайды.

Екінші топқа мұғалімнің ұстаздық шеберлігіне байланысты қойылатын талап-тілектер. Мұғалімнің өз пәнін жетік білетіндігі балаларға оқу материалдарын жете түсіндіріп ұғындыра алатындығы, әр алуан амал-тәсілдер қолданып, сабақты тартымды және қызықты етіп өткізетіндігі.

Үшінші топқа ұстаздың жасөспірімдердің бірімен-бірінің өзара қарым-қатынасына, олардың өміріндегі күйініш-сүйініштеріне, табыстары мен сәтсіздіктеріне, әр түрлі қоғамдық-көпшілік жұмыстарға қатысуына байланысты көңіл бөліп, мән беруі, ұстаздың сынып жетекшілік жұмысындағы іс-әрекеттері жатады.

Төртінші топтағы шәкірттер, мұғалімнің жеке басына тән мінез-құлықтарының ерекшеліктерін атап көрсетеді.

Шәкірттердің ұстаз бойындағы сапалары мен ерекшеліктері туралы көзқарастары мен өзіндік пайым-түсініктерін мынадай төрт топқа бөліп анықтап көрсетейік:

1. Мұғалімнің адамгершілік сапалары мен өзіндік қасиеттері; оқушыларға деген қатынасы;
2. Мұғалімнің өз пәнін жетік меңгеруі мен ұстаздық шеберлігі;
3. Мұғалімнің сынып ұжымын басқарып, оған жетекшілік ете алуы;
4. Мұғалімнің мінез-құлқындағы даралық сапалары, бойындағы қасиет ерекшеліктері.

Шәкірттер мен мұғалімдер арасындағы, әсіресе, мұғалім мен жасөспірімдер арасындағы, қарым-қатынаста кездесіп қалатын тартыстар осы кезге дейін жете зерттелмеген мәселе. Міне, осы мәселені зерттеуді негізгі объект етіп алып қарастыру мынадай себептерге байланысты:

1. Орта жастағы мектеп оқушылары өздеріне ерекше зейін қойып қарауды қажетсінеді. Олардың өмірдегі өтпелі кезең, жоғарғы талаптар, сана сезімі мен ақыл-ойының өсуі мұғалімді жасөспірімдерге жаңа қырынан келуге мәжбүр етеді;

2. Өтпелі кезең жасындағы балаларға дұрыс қалып көрсетпеуден туындайтын тартыстарды жиі кездестіруге болады. Балалардың жас ерекшелігін және тәлім-тәрбие жұмысында соған сай әдіс-амалдарды

қолдана білмеуден кейбір мұғалімдер өз жұмысында көптеген қиындықтарға кездесіп жүр. Олар бірнеше рет көзге түсіп қалғандарды «тәрбиеленуі қиын» балалар қатарына ой салмақтамай қосып, өз жұмыстарын да қиындатады. Енді-енді қалыптаса бастаған жеткіншек мінез-құлқына кері әсерін тигізеді.

Оқу ісін жүзеге асырып, оны бірізділікпен жүргізуде кедергі болатын жайттар мұғалімнің білім деңгейі мен оны шәкірттерге тиімді әдіс-тәсілдермен жеткізе алмай, тәжірибесіздік көрсетіп, оқушыларға серпінді ықпал ете алмайды. Сондай-ақ мұғалім оқушыларға қоятын талабын үнемі өзгертіп, қалыпты жағдайдан жиі ауытқып отырады. Соның салдарынан шәкірттердің тәртібі де нашарлайды. Мұндай кемшіліктер, ең алдымен, ұстаздың ұйымдастырушылық қабілеті мен сабақ жүргізудегі методикалық олқылығынан пайда болып, шәкірттер сабаққа көпшілік уақытын босқа жіберетін болады. Алайда мұндай жағдайдан туындайтын тартыстар оқу-тәрбие ісіндегі өзге сипаттағы дау-дамайлардан кемдеу. Жеке бастың өзі ұстанған адамгершілік қасиеттерге байланысты кездесетін кедергілер мен талас-тартыстар. Баланың өз басына талап қоюы, айналасына зер салып, әрбір нәрсеге мән беруі баланың өсіп жетіле бастағанын көрсетеді. Мұндай ерекшеліктерге баланың ересек адамдармен қарым-қатынас жасап, өзінің есейгендігін байқатуы оның адами-этикалық жағынан да талап-тілегінің өскендігі деп санау керек. Ересек адамдармен салыстырғанда мұғалім мен оқушылар арасындағы өзара қарым-қатынас едәуір күрделі. Өйткені, мұндағы бірінші жақ – мұғалім толық қалыптасқан, мораль, этикалық жағынан жетілген, мінез-құлқы орныққан адам. Екінші жақ – оқушылар. Бұлар небары өз ұстазының сезімі мен ақыл-ойына ынтыққандар ғана. Мұғалім мен оқушының ойлану, түсіну сипаттары да түрлі деңгейде. Ұстаздарға айдай анық құбылыс шәкіртіне нанымды бола бермейді. Кейде мұғалім мен оқушының бір құбылысқа, сөзге немесе қылыққа беретін бағалары да түрліше. Тіпті қарама-қарсы мәнде де болуы мүмкін. Ұстаз бен шәкірттер арасындағы қарым-қатынаста тартыстың туындауына ұстаздық методикалық тұрғыда қате жіберіп жаңылысуы, не оқу материалын тиянақты түсіндіре алмауы да себеп болады. Оқушылардың жас ерекшеліктерін елемей, олардың құрдастарымен қарым-қатынастарының қыры мен сырына жете мән беріп, оларды жете бағаламау салдары. Ал, оқушылар тобы тарапынан мұғалімге қойылатын талаптар, олардың рухани тілектерін қанағаттандырмауға байланысты. Әдетте, мұндай жағдайда мұғалім оқушылар ұжымынан өз бойын аулақ ұстап, көпшілік-қоғам жұмыстарына сирек қатысады. Оқушылар ұжымының сан алуан жұмыстарына, ұжымдық пікірлерге жете мән бермейді. Мұндай

жағдайда оқушылар тарапынан ұстазға деген наразылық, қанағаттанбау сезіміне орай тартыстың туындауына себеп болады. Оқушылардың даралық ерекшеліктеріне тән жағымсыз қасиеттері мен мінез-құлқына орай туатын тартыстар. Оқушылар арасындағы ұшқалақ мінезді, қызу қанды, айтқанынан қайтпайтын өжет, жан дүниесінің шеңбері тар, өзін құрбыларынан жоғары санайтын балалар да бар. Олардың сөйлеген сөзі, істеген қылығы өзгелердің ызасын туғызады. Ондай балалармен қарым-қатынас жасау мұғалімдерге де оңай тие қоймайды. Мінезі ерекше оқушылармен қалыпты қатынас орнатудың тиімді әдісі – оларды ұжымдық өмірдің ыңғайына қарай бейімдеп, олардың іс-әрекеттерімен үйлестіру. Дегенмен, мұндай жағдайда ұстаз бен шәкірт арасындағы айырмашылықтар жиі байқалып тұрады. Мұндайда ұстамды ұстаздар шыдамдылық пен тапқырлық көрсетіп, қалай да шәкірттермен тиімді қарым-қатынас орнатудың әдіс-тәсілдерін ізденеді. Жастардың мінез-құлқындағы жағымсыз қылықтарын жөндеуге күш жұмсап, әрбір оқушының даралық ерекшеліктеріне баса көңіл аударады.

Төлім-тәрбие ісінде баланың санасы мен ақыл-ойының дамуындағы саналы өзгерістерді ескеріп, оларды дұрыс жолға пәрменді бағыттап отыратын болса, онда шәкірт мінезінің ұнамды қасиеттерін бірізділікпен қалыптастыруға болады.

Психологиялық қызметке арналған семинар

К. ӘБДІЛДАЕВА

Жалпы орта білім беретін оқу орындарында психологиялық қызметтің жұмыс атқарып жатқанына биыл оныншы жыл. Негізінде психология ғылымы оқу-тәрбие жұмысының мазмұны мен мәнін терең түсінуге, оқушылардың ақыл-ой қызметі мен мінез-құлқын басқара отырып, олардың дамуын жетілдіруге, тиімді әдіс-тәсілдерді кеңінен қолдануға мол мүмкіндік береді.

Жас ұрпақты тәрбиелеуде, оның бойындағы туа біткен табиғи мүмкіндіктерін дамыту, бағалау, сенім, үлгі көрсету, талап ету арқылы жауапкершілігін жетілдіруге, педагогикалық-психологиялық заңдылықтарды пайдалану арқылы жеке тұлғаны қалыптастыруға жол ашылады. Мектепте баланың рухани өсіп-жетілуіне, оның жай-

лы болуына педагогикалық-психологиялық жағдай жасау, мектептегі педагогикалық ұжым мен процестің орнықты болуы үшін психолог мамандығына сұраныс туындады.

Психологиялық қызмет оқушылардың жан-жақты және үйлесімді дамуына ықпал ететін маман болғандықтан, ол өзінің іс-әрекетін нақты орнықтырып, айқын бағдарды ұстану үшін педагогикалық ұжыммен, дәрігермен, коррекциялық кабинет мамандарымен тығыз байланыста жұмыс атқаруы шарт екендігі анықталды. Осыған байланысты Алматы облысы, Кербұлақ аудандық педагог-психологтардың кең ауқымды семинары, Т. Құлыбеков атындағы орта мектеп - шағын орталығында өткізілді.

Аудандық білім бөлімінің ұйымдастыруымен өткізілген бұл іс-шараға барлық мектеп және балабақша психолог мамандары қатысып, тәжірибе алмасты. Мектеп педагог-психологы Бекбергенова Жанар Жақсыбайқызы өз тәжірибесімен үнемі бөлісіп, жастарды психологиялық қызметтің қыр-сырына машықтандыруда. Мектеп директоры Нүсіпбеков Еркін Немеребайұлы психологиялық қызметті өте жоғары бағалап отырады және мектеп тарапынан жақсы психологиялық қызмет көрсетуге жағдай жасалғанын айтты.

Семинарда мектептегі психологиялық қызметтің жұмыстары туралы айтылып қана қоймай бірнеше тренингтер мен іскерлік ойындар өткізілді. Жоғарғы сынып оқушыларымен «Мен өмірді сүйемін!» тренингі өте тартымды өтті. Оқушылардың өмір туралы сөз қозғауы, ойлары, өмірге деген сүйіспеншіліктері ерекше байқалды.

Мектептегі психологиялық қызметтің міндеттерінің алдыңғы қатарына: жеке тұлғаны қалыптастыру, дамыту, бала бойындағы қабілеттерді анықтап, оған жағдай жасау, балалардың психофизиологиялық денсаулығын, әр баланың психологиялық және эмоционалдық саулығына оңтайлы жағдай жасау жатады.

Ұжымда кәсіби жетістіктерге жетуге мүмкіндік пен психологиялық қолдау жасау, педагогтардың шығармашылық әлеуетін ашуға және оны дамытуға көмек беру негізінде жүйелі түрде шығармашылықпен ойлауын, бәсекеге қабілеттілігін психологиялық тұрғыдан дамыту қажет. «Тәрбие – баламен сөйлесумен, әңгімелесумен, оған ақыл-кеңес берумен ғана шектелмейді. Тәрбие – тұрмысты дұрыс ұйымдастыра білуінде, балаға әркімнің өз жеке басы арқылы үлгі-өнеге көрсетуінде» деген қазақтың мағыналы, мәнді тіркестері жай айтылмаған. Өмір шындығына жүгінсек тәрбие бастауы, оның қайнар көзі ананың ақ сүтінен нәр алып өскен ортасына тікелей байланысты.

Мектеп психологтары өз қызметтерінде «Жақсы сөз – жарым ырыс» деген қағиданы басшылыққа алып отыратындығы көрініп тұрады. Сондықтан, «Біз сөйлей білеміз бе?» деген сұраққа жауап іздеп көрейік. Адам баласының психикасына күнделікті өмірде әсер ететін мән-жайлар аз емес. Солардың бірі жүрекке жағымды көркем, екіншісі жаман ауыр сөздер деп ойлаймын. Жалпы сөздің адам баласына сана сезіміне тигізетін әсері жөнінде, небір данышпан айтқандай, «Сөз деген ұлы өмірші, қол, аяғы, денесі болмаса да, ол аса ғажайып іс атқара алады. Өйткені ол үрейді де басады, қайғыны да тоқтады, қуанышқа батырып, аяныш сезімін оятады... Кейбір адамдардың баса-көктеп айтқан сөздері біреулердің намысына тиеді. Екінші адамның көңіл-күйіне кері әсер тигізеді. Сондықтан мұғалім мен оқушы, бала мен ата-ана арасындағы өзара қарым-қатынастарды жақсарту, атап айтсақ, әңгімелесу, сырласу, ой бөлісуге, т.б. байланысты. Сөз құдіретімен бір-бірімізге қуаныш сыйлау – бұл да тәрбиенің бір жағы екенін ешқашан естен шығармау керек. Мектептегі психологиялық қызметтің бүгін мен ертеңі жақсылыққа толы, қызықты да күрделі. Сондықтан әр адамның жүрегіне жол тапқан психологтардың еңбектеріне сәттілік тілейміз, өмірлеріңіз тек жақсылыққа толы болсын!

Ата-аналар мен балалардың қарым-қатынасын нығайтуға арналған тренинг

А. САЛТАЕВА

Мақсаты: қазіргі таңда баланың дамуына, жеке тұлға болып қалыптасуына ата-ана тәрбиесінің әдіс-тәсілдерін жетілдіре отырып, қарым-қатынас орнату. Бала тәрбиесіндегі ата-ананың алатын орнының ерекше екенін түсіндіру. Баламен дұрыс тіл табысуға, сөйлеу мәдениетін үнемі қолдауға ой салу. Ата-ананың баласына деген сенімін ояту, оқу тәрбиеге қатысты жауапкершілігін арттыру.

Міндеттері: ата-аналар мен балалардың қарым-қатынасын анықтау. Балаларын адамгершілікке, мейірімділікке, инабаттылыққа тәрбиелеу.

Қажетті құрал-жабдықтар: үлестірме қағаздар, А4 формат, қалам, т.б.

Тренингке қатысушылар: ата-аналар және оқушылар

Тренинг бағдарламасы:

1. Сәлемдесу жаттығуы;
2. «Мен үшін қымбат». (Ой қозғау);
«Бала деген кім?» (Ой қозғау);
3. «Көңіл-күй» түсі;
4. Отбасы басты құндылық. Бейнеролик;
5. Анаға ашық хат;
6. Үй қалау;
7. Қызықты тренинг;
8. Тимбилдинг жаттығулары;
9. Шаңырақ жаттығуы;
10. «Жүректен шыққан жылы сөз».

Тренинг барысы:

Психолог: Бүгінгі тренингтің тақырыбы: «Ананың аялы алақаны – балаға саялы бақ» деп аталады. Отбасы – өмірді кемеліне келтіреді, бақыт әкеледі. Отбасы – адам өмірінің тамаша жақтары жүзеге асатын ... адамның ең басты шаттығы болып саналатын, баланың өсіп, өмір сүретін орны. Екі адамның некелесуі толық отбасын құрамайды. Дүниеге шыр етіп нәресте келгенде ғана отбасы толық отбасы саналады. Біздің балаларымызға мектепте өз үйіндей сезінуге жағдай жасау біздің қолымызда. Ол үшін мұғалім мен ата-ана тығыз байланыста болып, бірігіп жұмыс жүргізу қажет.

1. **Сәлемдесу жаттығуы.**

Ата-аналар балаларын еркелетіп есімдерін айтып шығу керек, оқушылар аналарының есімдері мен жақсы қасиеттерін қосып айту керек.

3. Ой қозғау «Мен үшін қымбат ...» «Ата-ана деген кім?» Оқушыларға сұрақ беріледі.

Ой қозғау «Бала деген кім?» Ата-аналарға сұрақ. Мысалы: бауыр етіміз, болашағымыз, үмітіміз, мұрагерім, жанымның саясы, асырау-шым, т.б.

4. «Көңіл-күй» түсі.

Бүгінгі, дәл қазіргі көңіл-күйіңізді қандай түспен бейнелейсіз?

Сіздердің алдарыңызда түрлі түстер жатыр, өздеріңіздің тандаған түсіңізді қорапшаға салыңыз. Түстеріңізді ұмытып қалмаңыздар. Қорапты ашып, қандай көңіл-күймен келгендігін анықтау.

Сары – өзін де, басқаны да қуантып жүретін адамдар.

Көк – байсалдылық, қанағатшылдылық белгісі.

Жасыл – жүрген жерінде белсенді адамдар.

Қызыл – алға қойған мақсатына жетпей тынбайтын, жігерлі адамдар.
Қызғылтсары – тағы не айтады, бара көрерміз деген өте қарапайым адамдар.

Қара түс – ішімдегіні тап деп, қарап отыратын тұйық адамдар.

Қоңыр – қонақжай адамдар.

Күлгін – адамгершілігі, түсінігі мол адамдар.

Күміс түсті немесе сұр – тез ашулана қоймайтын жүйкесі мықты адамдар.

Ақ – мейірімді адамдар.

4. «Отбасы басты құндылық». Бейнеролик.

Мақсаты: ата-аналардың бала тәрбиесіндегі ойын, ұстанатын тәртібін білу.

Барысы: бірінші бейне таспа туралы оқушылардың ойын білу, екінші аналарының ойын білу, сол туралы өз пікірлерін айту. Ата-аналар мен оқушылар өз ойларын айтады.

5. Ата-анаға ашық хат.

Мақсаты: Ата-анамен баланың арасындағы қарым-қатынасты анықтау.

Оқушылар аналарына хат жазады, аты-жөндері жазылмайды. Аналары балаларының хаттарын жазу үлгісінен тану керек, оқушылар жазған хаттарын оқып береді.

6. «Үй қалау»

Мақсаты: ананың баласына деген мейрімділігін анықтау.

Барысы: ақ парақ беріледі. Ана баласын бірінші қалай тәрбиелейтінін, қабырғасына, мақтау сөздерін, төбесін жабуға болашаққа үміттерін жазады. Балалары бірінші терезеге еркелететін сөздерді, екінші терезеге анасының ұрысқанда айтатын сөздерді, есікке қазіргі таңда қандай жетістіктері бар соны жазады.

Қолданылатын құралдар: ақ қағаз, қалам.

7. Қызықты тренинг.

Мақсаты: Баланың ішкі жан дүниесіне үңіліп, түсіне білу.

Шарты: Оралған, мыжылған қағаздың ішіне салынған затты сыртынан ұстап табу керек. Таппаған жағдайда балаңыздың ішкі жан дүниесін аша алмайсыз.

8. Тимбилдинг жаттығулары.

9. **Мақсаты:** ұйымшылдыққа, ауызбіршілікке шақыру.

Шарты: екі ата-ана және екі оқушыдан екі топқа бөлініп, допты таяқтың көмегімен алып, түсірмей корзинаға салу қажет.

10. Шаңырақ жаттығуы.

Мақсаты: шаңырағымыз шайқалмай, отбасымыз берік, мықты болу.

Шарты: ата-аналар мен оқушылар шеңберге тұрады. Шаңырақтың үлгісінің үстіне стаканға су құйып, отырып жаймен тұрып, айналу қажет. Су төгілмеу керек.

11. **«Жүректен шыққан жылы сөздер».**

Қорытынды: Бүгінгі тренингте сіздер бала тәрбиесінің оңай емес екенін байқап отырған боларсыздар. Бала тәрбиесінде шыдамды болып, өз балаларыңызға жылуыңызды бере біліңіздер! Сіздің өсірген балаларыңыз сіздерді ылғи да қуанытып, қуанышқа бөлей берсін!

Құрметті ата-аналар! Біз сіздермен жанұядағы ата-ана мен оқушы арасындағы қарым-қатынастың түрлі жақтарын тануға, жан-жақты талқылауға тырыстық. Отбасы, ұшқан ұя жылылықтың, жылулықтың мекені. Ата-аналар бүгінгі семинардан алған әсерлеріңізді, тренинг барысында айта алмай қалған ойларыңыз болса барлығыңыз да осы жерде жазып, жеміс ағашына ілулеріңіз сұралады.

Психологический тренинг для родителей

А. ЖУСУПЕКОВА

Тренинг поможет родителям научиться общаться, улучшит психологическое здоровье ребенка, поможет адекватно реагировать на возникающие страхи. Кроме того, психолог подскажет родителям, как находить пути взаимодействия с ребенком, скорректировать воспитательный процесс. Если вы заметили, что тревожность вашего ребенка повышена, не стоит медлить, психологическая консультация и тренинг – отличный выход из сложившейся ситуации.

Тревожность – это состояние, которое на сегодняшний день наблюдается у более чем половины школьников. Проявляется тревожность в наличии постоянного чувства страха или беспокойства. Причинами тревожности могут быть:

- противоречивость требований, которые предъявляют к ребенку;
- неадекватность таких требований;
- сравнение ребенка с окружающими;
- отсутствие последовательности в воспитании;
- постоянное унижение ребенка со стороны родителей, учителей, сверстников.

Диагностировать тревожность должен специалист. Мы используем тесты: «Лесенка» Хухлаевой Л., рисунок семьи. Методика диагностики тревожности (модификация теста Амена), тест «Страхи в домиках» - модификация Панфиловой М.А., опросник «Критерии определения тревожности у ребенка», П. Бейкер и М. Алворд., опросник для выявления тревожности у ребенка Г.П. Лаврентьевой и Т.М. Титаренко и определяю индекс тревожности.

В детской деревне роль родителя выполняют воспитатели, которым грамотно выстраивать работу с детьми определенной категории, прививая им семейные ценности. В семьях благоприятная среда – это необходимо для положительного психологического климата в семье, который способствует гармоничному развитию личности ребенка и снижению уровня тревожности.

Воспитатели очень много времени проводят вместе, устраивать совместные походы в парк, в театр, на выставки, выезжать на природу.

Поскольку у тревожных детей часто появляется потребность кого-то любить и ласкать, в детской деревне есть живой уголок: рыбки, крысы, хомячок, попугай. Совместный уход за любимыми питомцами помогает выстроить отношения в форме сотрудничества между воспитателем и ребенком. В детской деревне ежегодно проводится «День семьи», где все семья приходит на тренинг. Психолог использует релаксационные упражнения, выполнение которых совместно с детьми способствует не только физическому расслаблению организма, но и укреплению доверительных отношений между взрослым и ребенком. Дети занимаются рисованием, пением, танцами, театрализацией, это все помогает вымещать свои эмоции в творчестве.

Поэтому важно организовать работу, направленную на профилактику нарушений психологического здоровья детей и коррекцию уже имеющихся. Создана, в детской деревне благоприятная воспитательная среда укрепляет психологическое здоровье ребенка. Мы хотим вам предложить Тренинг для родителей «Тропинка родительской любви». Уникальность тренингов заключается в том, что никто не говорит Вам, как следует жить свою жизнь. Участники сами обнаруживают то, как иначе возможно видеть себя и жизнь вокруг и делают ценные открытия через это. Проходя через этот процесс открытий, участник получает доступ к новым уровням свободы выбора и личной силы, требуемых для создания того будущего, которое не имеет ничего общего с прошлым. **Участники:** группа педагогов 8-12 человек. За неделю педагоги получают пригласительные билеты.

Оборудование: магнитная доска, проектор, магнитофон, музыкальные записи, бумага А4, карандаши (фломастеры).

Время: 2-2,5 часа. Тренинг проводится в актовом зале или кабинете с мягким ковром.

Ход тренинга

Звучит легкая музыка. Педагоги рассаживаются по кругу. Ведущий подходит к каждому из педагогов, оформляет «общую визитку» – пишет имя педагога на большом листе (в виде цветка).

Ведущий. Добрый вечер, уважаемые коллеги. Я благодарю вас за то, что вы пришли на тренинг. Сегодня мы с вами пообщаемся в тесном, семейном кругу, вы участвуете в роли родителей.

Целью тренинга является: способствование улучшению детско-родительских отношений и формирование навыков эффективного взаимодействия.

Наша задача – показать педагогам степень понимания ребенка, помочь глубже осознать свои отношения с детьми и эмоционально обогатить их.

Упражнение «Мои ожидания»

Цель: определение ожиданий участников от работы в группе.

Ведущий: Перед вами стикеры, вырезанные в форме сердца. Нарисуйте символ, который характеризует Вашу семью и запишите на них свои надежды и ожидания от нашей встречи. Далее следует озвучить их и прикрепить к плакату «Тропинка родительской любви», на котором изображена тропинка, протянувшаяся от дома ввысь «Родительской любви» Стикеры надо прикрепить в начале пути, около дома.

Упражнение «Погружение в детство»

Цель: помочь родителям окунуться в детство, ощутить поддержку взрослого.

Звучит тихая, легкая музыка.

Ведущий: Сядьте поудобнее, закройте глаза, прислушайтесь к своему дыханию: оно ровное и спокойное. Почувствуйте тяжесть в руках, в ногах. Поток времени уносит вас в детство – в то время, когда вы были маленькими. Представьте теплый весенний день, вам три-четыре года. Представьте себя в том возрасте, в котором вы лучше себя помните. Вы идете по улице. Посмотрите, что на вас надето, какая обувь, какая одежда. Вам весело, вы идете по улице, а рядом с вами близкий человек. Посмотрите, кто это. Вы берете его за руку и чувствуете ее тепло и надежность. Затем вы отпускаете руку и убегаете весело вперед, но недалеко, ждете своего близкого человека и снова берете его за руку. Вдруг вы слышите смех, поднимаете глаза и видите, что держите за

руку совсем другого, незнакомого вам человека. Вы оборачиваетесь и видите, что ваш близкий человек стоит сзади и улыбается. Вы бежите к нему, снова берете за руку, идете дальше и вместе с ним смеетесь над тем, что произошло. А сейчас пришло время вернуться обратно в эту комнату. Когда будете готовы, вы откроете глаза.

Рефлексия

- Удалось ли окунуться в детство?
- Почувствовали ли вы надежное плечо, сопровождающее вас в детстве?
- Что для вас значит «надежное плечо»?
- Какие чувства у вас были, когда вы потеряли поддержку?
- Что хотелось сделать?

Упражнение «Ролевые игры»

Цель: организовать процесс воспоминания, помочь построить взаимодействие в семье. **Задание №1.** Выбирается родитель и ребенок (5 мин).

От имени ребёнка расскажите, как умудрились намочить всё, что только было возможно из своей одежды в единственной весенней луже, в тот момент, когда мама разговорилась с неожиданно подошедшей подружкой. Подсказка: рассказывайте от имени ребёнка, озвучивая возможный ход его мыслей.

И реакция мамы, когда она увидела промокшего ребенка...

Резюме. Я думаю, напоминание об этой возможности взрослых – проникать в мир детей, поможет грамотнее организовывать процесс воспитания, плодотворнее построить взаимодействие в семье.

Задание №2. Выбираются родитель и ребенок. (5 мин)

Уважаемые родители! Вы очень спешите, прибежали в детский сад за своим ребёнком. На улице Вас ждёт машина, а дочь (сын) капризничает, не хочет одеваться.

Ваша реакция, действия и т.д.?

Резюме. Данные ролевые игры не только иллюстрируют возможные ситуации, но и позволяют задуматься каждому, а как бы я поступил, реагируя на поведение моего ребёнка, чему бы я смог его научить.

Упражнение для поднятия настроения, снятие усталости (5 мин)

Цель: поднятие эмоционального настроения. Звучит музыка. Родители вместе с ведущим исполняют «Танец Маленьких утят».

Упражнение «Ассоциации» (3-5 минут)

Цель: показать родителям степень понимания своего ребенка.

Ведущий: Наша цель воспитать счастливого ребенка. Кто может воспитать счастливого ребенка. Кто такой счастливый ребенок? Кто та-

кой эффективный родитель? На эти вопросы мы ответим, поработав в группах.

Инструкция: группа делится на 2 команды.

1 команда: Напишите свои ассоциации, когда вы слышите слово «счастливый ребёнок».

2 команда: Напишите свои ассоциации, когда вы слышите слово «эффективный родитель»

Обсуждение.

Самые важные учителя для детей – родители. Родительский дом – это первая школа для ребенка. Семья оказывает огромное влияние на то, что малыш будет считать важным в жизни, на формирование его системы ценностей. Сколько бы человек не прожил, он время от времени обращается к опыту из детства, к жизни в семье: «чему меня учили отец и мать».

Упражнение «Недетские запреты»

Цель: показать родителям степень отношения к своему ребенку.

Ведущий: Выбирается один участник и садится на стул в центре круга. Все остальные по одному подходят к нему и говорят, что они ему запрещают делать, – то, что участники чаще всего говорят своему ребенку. При этом лентой завязывают ту часть тела, которой касался запрет. Например: «Не кричи!» – завязывается рот, «Не бегай» – завязываются ноги и т.д.

После того как выскажутся все участники, сидящему предлагается встать. Так как он не сможет встать, то его нужно развязать. Для этого каждый участник подходит к ленте, которую завязал, и снимает запрет, то есть говорит, что делать можно. Таким образом, суть запрета остается. Например: «Не кричи – говори спокойно».

Рефлексия.

Рефлексия участника, игравшего роль ребенка:

– Что вы чувствовали, когда «родители» сковывали, ограничивали вашу свободу?

– Ограничение движения какой части тела вы ощутили наиболее остро?

– Какие чувства были у вас, когда вам предложили встать?

– Что хотелось развязать в первую очередь?

– Что вы чувствуете сейчас?

Рефлексия участников, игравших роль взрослого:

– Что вы чувствовали, когда видели обездвиженного ребенка?

– Что вам хотелось сделать?

– Легко ли найти слова, позволяющие переформулировать запрет?

– Какие чувства вы испытываете сейчас?

Ведущий: Известно, что готовых рецептов воспитания не существует. Как действовать взрослому в той или иной ситуации, решать только ему. Однако можно проиграть, как в театре, сложные ситуации, обсудить их и попытаться понять, что испытывает ребенок в том или ином случае.

У ребенка представления о мире еще не сформированы, а жизненный опыт ничтожно мал. Наша задача – **задача взрослых людей**, окружающих ребенка, – помочь ориентироваться в еще непонятном для него мире, объяснить, что опасно и непозволительно, а что допустимо и даже необходимо для малыша. Кто, если не взрослый, защитит ребенка, предостережет от опасностей и в то же время научит разбираться в бесконечных «нельзя» и «можно»! Чтобы научить этому детей, родителям самим нужно отлично в этом разбираться.

Упражнение «Запрещаем – разрешаем»

Цель: прогнозируют возможные ситуации, оценка допущенных ошибок. На доску крепятся три цветных листа, соответствующие зонам запрета.

- зеленый символизирует зону «Полная свобода»;
- желтый – зону «Относительная свобода»;
- красный – зону «Запрещено».

Участникам тренинга предлагается составить список возможных действий детей, распределить их по трем основным зонам. Полученные варианты анализируются: родители совместно с ведущим (психологом, педагогом) прогнозируют возможные ситуации и допущенные ошибки.

Ведущий: Как много сердечного тепла бывает загублено из-за неспособности понять другого и самого себя. Скольких драм, больших и малых, не происходило бы, обладай их участники и окружающие умением сочувствовать, прощать, любить. Любить тоже надо уметь, и это умение не дается матерью-природой. Самый большой дефицит, который испытывают наши дети, – это дефицит ласки. Родители порой не находят времени, забывают или, может быть, даже стесняются приласкать ребенка просто так, повинаясь какому-то внутреннему порыву. Боязнь избаловать детей заставляет родителей быть чрезмерно суровыми с ними.

Это задание позволит каждому из нас проявить чуть больше ласки, внимания, любви.

Упражнение «Солнце любви»

Цель: помочь глубже осознать свои отношения с ребенком, оценка личностных качеств. **Ведущий:** Каждый участник рисует на листке бу-

маги солнце, в центре которого пишет имя ребенка. На каждом лучике солнца необходимо перечислить все прекрасные качества своих детей. Затем все участники демонстрируют свое «солнце любви» и зачитывают то, что написали.

Предлагаю вам взять это Солнышко домой. Пусть теплые лучики его согреют сегодня атмосферу вашего дома. Расскажите вашему ребенку о том, как вы оценили его качества – подарите ребенку теплоту, ласку и внимание.

Рефлексия.

Ведущий: Сегодня мы с вами должны понять, что родительская любовь принесет ребенку гораздо больше счастья, если он будет постоянно видеть, что она проявляется в отношениях родителей не только к нему, но и друг к другу, и ребенок должен чувствовать любовь. Все считают себя любящими родителями, и это вполне естественно. Мы действительно обожаем своих детей, и лучшее подтверждение этому то, что мы чувствуем в душе постоянную любовь. Сбылись наши ожидания, если да, необходимо переставить стикеры на дороге Родительской любви. Путь по тропинке родительской любви не заканчивается, шагайте вместе со своими детьми с любовью, заботой и надеждами.

Тренинг для родителей проводится по желанию родителей и рекомендации психолога. Если отношения родителя к ребенку, после тренинга изменились, то нет необходимости проводить тренинг, достаточно индивидуальной беседы.

Жасөспіріммен қарым-қатынас жасау жолдары

А.Т. САУДАБАЕВА

Мақсаты: жасөспірім мен ата-ана арасындағы қарым-қатынаста ата-анаға көмек көрсету.

Міндеттері:

- Ата-анаға жасөспірімнің эмоционалды-психологиялық жағдайы туралы ой салу, баламен қарым-қатынас жайлы мамандар (психолог, педагогтар) кеңесімен таныстыру;
- Жасөспіріммен қарым-қатынастағы кездесетін қиындықтарды жеңілдететін кейбір ережелер мен тәсілдерді үйрету.

Өткізу жоспары:

- 1) Жиналыс мақсатын анықтау
- 2) Оқушылармен жүргізілген сауалнама қорытындысына анализ жасау
- 3) Практикалық бөлім
- 4) Ата-аналарға арналған сауалнама
- 5) Қорытындылау

Жиналысқа алдын-ала оқушылармен жүргізілген сауалнама қорытындысын дайындап қою қажет. Сауалнамаға ата-анасымен жиналыс өткізу қажет деп саналатын жасөспірімдер қатысады.

Сауалнама мазмұны:

- 1) Ересектермен қарым-қатынас қажеттілігін сезінесің бе?
- 2) Кейбір сұрақтарды ата-анаға қарағанда достарыңмен шешкен оңайрақ екенін сезінген кезің болды ма?
- 3) Сен үшін кімнің назары (внимание) маңызды?
- 4) Күрделі тұрмыс жағдайы туралы кіммен кеңесер едің?
- 5) Өзіңнің ата-анаң сияқты болғың келе ме?

Жүргізуші: Жасөспірімдік шақта көпшілік ұлдар мен қыздар ересектер тарапынан соның ішінде сыйлайтын адамдарынан сенімді қарым-қатынас күтеді. Сенімді қарым-қатынастың негізгі мәні қандай да бір мәлімет алу емес, ересектерден түсінісушілік, жанашырлық табу.

Бала қандай болмасын ата-анасын сүйетіні белгілі. (осы жерде жүргізуші алынған сауалнама қорытындысымен таныстырады). Мысалы: жасөспірімдермен жүргізілген сауалнамадағы «Өзіңнің ата-анаң сияқты болғың келе ме?» деген сұраққа, сауалнамаға қатысқан 28 оқушының 25-і «иә» деген жауап қайтарған. Ал, «Сен үшін кімнің назары (внимание) маңызды?» деген сұраққа көпшілігі бірінші орынға ата-анасын қойған. Сонымен қатар «Кейбір сұрақтарды ата-анаға қарағанда достарыңмен шешкен оңайрақ екенін сезінген кезің болды ма?» деп сұрағанда 24 оқушыдан жағымды жауап алдық. Сонда мәселе неде? (*Ата-аналар пікірін тыңдау*)

Кейбір бала ата-анасымен ашық әңгімелесуге мүмкіндік жоқ деп ойлайды, бұл жағдайға көбінесе ата-ана кінәлі болып жатады.

Әрбір адамның қажеттілігі оның сезімінен, ойынан, қалауынан (желание) көрінеді. Бірақ, көп жағдайда адамдар өз қалауларын өзгелер дұрыс түсінбей қалуы мүмкін деген оймен тура жеткізе бермейді. Сондықтан да өз қалауларын ашық айтпау, жауапкершілікті басқаға аударуға әкеп соғады.

(Практикалық бөлімді бастамас бұрын ата-аналарға психологиялық қысымнан арылу үшін түрлі топтық ойындар, жаттығулар ұсынылады).

Жиналыстың жалғасы ата-аналарға өз ойлары мен сезімдерін ашық жеткізуге жаттықтырумен жалғасады. Мысалы, көптеген үйдегі тұрмыстық міндеттерді орындау барысында ата-ана балаға: «Сен өзімшілсің! Сен үйдегі жұмыстарға көмектесуді мүлдем қойдың!» деп айқайлаудың орнына: «Мен сенен бұрынғыдай қамқорлықты сезіне алмай жүрмін, ол неге байланысты, мүмкін сен маған ренжулі шығарсың» деу әлдеқайда тиімді болар еді. Сол сияқты төмендегі кестеге назар аударсақ:

Неге мен бәрін жасауым керек? (реніш)	Маған сенің көмегің қажет болып тұр... (ренжусіз)
Сен үй тапсырмасын орындадың ба?	Мені сенің алгебра сабағың алаңдатады, мүмкін сен мектепте шаршадың ба, менен қандай көмек қажет?
Сен қашан үйге кеш келуіңді тоқтатасың? Қайда болдың?	Сен кешіксең мен қатты уайымдаймын.

(Ата-аналар пікірін тыңдау)

Ата-анаға арналған сауалнама

1. Мектепте кіммен дос болдыңыз? Ол қандай адам еді? Ата-анаңыздың досыңызға деген көзқарасы қандай еді?
2. Сыныптастарыңызбен достығыңыз қазір де сақталған ба? Олармен кездесіп тұрасыз ба?
3. Қандай мұғалімдер есіңізде қалды, неліктен? Қазіргі уақытта сол мұғалімдерге деген көзқарасыңыз өзгерді ме?
4. Алғашқы махаббатыңыз қай сыныпта басталды? Бұған ата-анаңыздың көзқарасы қандай болды?
5. Мектеп өмірінен осы уақытқа дейін есіңізде сақталып қалған ең бақытты күніңіз бар ма?

Қорытынды: Баламен диалогтағы ашықтық пен нақтылық шыннайы қарым-қатынастың жақсаруының кілті. Жасөспірімдік жастың бір ерекшелігі – өз ісінің дұрыстығын дәлелдеу болып табылады. Оны түсіну қиын, алайда балаңызбен бірге тәуекелге бел байлауға тура келеді. Осылайша оған біршама жақын болып, өзіңіздің тапқырлығыңызды көрсетесіз.

Авторлар туралы мәлімет Сведения об авторах

АҒЫБАЕВА Сәуле Еркінқызы – ҚазМемҚызПУ-нің магистранты. Алматы қаласы.

АРТЮШИНА Светлана Викторовна – педагог-психолог ГУ «Гимназия №5» г. Рудный, Костанайская область.

ӘБДІЛДАЕВА Клара Нұрмұханқызы – Кербұлақ аудандық білім бөлімінің бас маманы. Алматы облысы.

БАҚТЫГЕРЕЕВА Тоты Меңдіханқызы – Ганюшкин мектеп-интернатының педагог-психологы. Құрманғазы ауданы. Атырау облысы.

ЖУСУПЕКОВА Бакыт Аспандияровна – заместитель руководителя по воспитательной работе КГУ «Детская деревня семейного типа села Кенжеколь». Павлодарская область.

ИБРАШЕВ Ғазиз – Т. Ізтілеуов атындағы №29 орта мектептің педагог-психологы. Қармақшы ауданы, Қызылорда облысы.

ҚАБЕКЕНОВ Ғабит Уапұлы – PhD докторы. Ақтау қаласы, Маңғыстау облысы.

МАСАЛИМОВА Эльмира Бидахметовна – педагог-психолог КГУ «Детский дом №8» г. Семей.

САЛТАЕВА Айнұр Жақсыбайқызы – Т. Тәжібаев атындағы жалпы орта мектебінің педагог-психологы. Шардара ауданы, Түркістан облысы.

САУДАБАЕВА Әсем – әл-Фараби атындағы №145 жалпы білім беретін мектеп психологы. Алматы қаласы.

СТРУНИНА Е.А. – педагог-психолог ОСШ №81 г. Караганда.

УАЛИЕВА Хафиза Алькенқызы – Алматы облыстық №1 балалар үйінің тәрбиешісі. Алматы қаласы.